




«Бекітемін»:  
Қазталов аудандық  
Білім бөлімінің басшысы:  
  
С.К.Джангереева



«Келісілді»:  
Аудандық Білім бөлімінің  
әдістемелік кабинет меңгерушісі  
  
Р.А.Аткешева



«Тексерілді»:  
«Жалпақтал балалар өнер  
мектебі» МКҚК директоры:  
  
К. С.Абилов

## «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

## **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК жұмысының 2019-2020 оқу**

### **жылының қортындысы бойынша педагогикалық сараптама.**

#### **ЖБӨМ-нің 2019-2020 оқу жылы атқарған жұмысының сараптамасы.**

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекеме «Жалпақтал балалар өнер мектебі» Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президенттің және үкіметтің нормативтік актілеріне, облыс және қала әкімдігінің нұсқаулары, Казталов аудандық білім бөлімінің бұйрықтарына сәйкес, ЖБӨМ-нің Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

Жалпақтал балалар өнер мектебі мектептен тыс мекемелердің алдына үкімет тарапынан қойылған мақсаттарын басшылыққа ала тұра қосымша білім берудің білімдік бағдарламаларын жүзеге асырады, оқушыларға тәрбие береді, оқушылардың тұлғалық және кәсіптік қалыптасуына әсерін тигізеді, жалпы мәдениеттілігін қалыптастырады.

Жалпақтал балалар өнер мектебінің негізгі мақсаты - мектеп Жарғысына сәйкес өзінің тұрғылықты аумағында, құқықтық және нормативтік құжаттармен белгіленген өзінің құзырлығы аясында білім беру саласында мемлекеттік саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Мекеменің үдерісі:

- Білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық үдеріс;
- Балалар мен Жасөспірімдерді мақсатты түрде өнердің әр түріне үйрету;
- Оқыту мен тәрбие беру жұмысы.

Балалар мектебінің негізгі мақсаттары:

- 1) балалардың тұлға ретінде дамуы, салауаттылығы, кәсібилік және шығармашылық дамуы, өздерінің қабілеттілігін жүзеге асыра алу үшін қажетті барлық жағдайын туғызу;
- 2) қоғамдық өмірге бейімдеу;
- 3) бос уақыттарын мазмұнды өткізуін ұйымдастыру;
- 4) өскелең ұрпақтың азаматтық сана сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

#### **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің оқу-әдістемелік және тәрбие беру жұмысына сараптама.**

2019-2020 оқу жылы Жалпақтал балалар өнер мектебінің кәсіби үдерісінің мақсаттары анықталды: оқушыларды жан-жақты дамыту мен тәрбиелеу үшін білім және мәлімет беру кеңістігінің кешенді шараларын қамтамасыз ету, өз-өзін дамытуға, танытуға, білім алу мен шығармашылық үдеріске қатысуға дайын болу үшін жағдайлар жасау.

2019-2020 оқу жылы Жалпақтал балалар өнер мектебі жұмысының алдына келесі мәселелер қойылды:

- Әр оқушының жеке мүмкіндіктерін және анықталған қабілеттігін есепке ала тұра, оқушыны тұлға ретінде бағыттап оқыту үшін, оны талант ретінде дамыту үшін жағдай қалыптастыру;
- Бұрыннан жинақталған тәжірибені енгізіп, дамытатын орта қалыптастыру;
- Оқушыларды оқытудың нәтижелілігін арттыру;
- Оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес, оқушылардың білім деңгейін арттыруын қамтамасыз ету;
- Өнермен айналысу барысында оқушылардың көркемөнер мәдениетінің рухани құндылықтарын бойына сініруге бағытталған әдістемелік жұмысты жоспарлау;
- Көрмелерге, фестивальдерге, шығармашылық сайыстарға қатысу арқылы балалардың жеке қабілеттіліктерін көрсету жұмыстарын күшейту;
- Оқушылардың зиялық, шығармашылық қабілеттерін дарындылығын анықтап, дамыту үшін педагогтар жұмысының жұмысын жүйелеу.
- ЖБӨМ түлектерін мемлекеттік, қорытынды емтихандарға дайындау;
- Отан сүйгіштік бағыттағы шараларды жүйелі түрде ұйымдастырып, өткізу арқылы, балаларды отансүйгіштікке, азаматтылыққа тәрбиелеп, қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту;

- Көп ұлтты Қазақстан ортасында балаларды ынтымақтастық, ұлттық сана-сезім, халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеу, сыйлау рухында тәрбиелеу.

### **Жалпақтал балалар өнер мектебі әкімшілігінің 2019-2020 жылындағы сапалық құрамы:**

1. Абилов К. С – Жалпақтал балалар өнер мектебінің директоры – білімі жоғары, кәсіби санаты – жоғары, біліктілігін арттыру курстары 2008ж., 2009ж., 2010ж., 2011 ж.
2. Сатжанова Г. Б – Жалпақтал балалар өнер мектебінің оқу ісі меңгерушісі, білімі жоғары, кәсіби санаты – I, біліктілігін арттыру курстары – 2007ж, 2013ж, 2014ж, 2019ж, 2020ж.
3. Губайдуллин А.Е - Саз әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, білімі жоғары, кәсіби санаты – II разряд, біліктілігін арттыру курстарынан өткен жоқ.
4. Ғизатов Т.Т –Көркемсурет әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, білімі жоғары, кәсіби санаты - I, біліктілігін арттыру курстары – 2018 ж, 2020ж.

### **Жалпақтал балалар өнер мектебі оқытушыларының 2019-2020 оқу жылындағы сапалық құрамы.**

ЖБӨМ-де 27 оқытушы жұмыс жасады, Жоғары білімді – 22, арнаулы орта білімді – 5. Жоғары кәсіби санатты – 9 оқытушы, бірінші кәсіби санатты – 7 оқытушы, екінші кәсіби санатты – 6 оқытушы, санатсыз – 5 оқытушы.

ЖБӨМ-нің оқытушыларының тәжірибесін ортаға салу және таратудың ұтымды түрінің бірі БАҚ-та мақалаларының басылып шығуы, сонымен қатар әдістемелік нұсқаулар мен өндеулердің басылып шығуы болып табылады.

Оқытушылардың педагогтық шеберліктерін арттырудың ең басты жолы – мектеп жұмысының жүйесін біртұтасқа біріктіруші әдістемелік жұмыс, оқыту мен тәрбие беру жұмысы.

Оқыту мен тәрбие беру жұмысы Қазақстан Республикасының заңдылықтарына, білім берудің мемлекеттік стандарттарына, және 29.12.2011 ж. бекітілген Білім және ғылым министрлігінің № 543 бұйрығымен бекітілген «Оқыту-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпақтал балалар өнер мектебінің әдістемелік жұмысы мазмұнына қарай оқытушылар мен оқушылардың тұлғалық өсуіне, оқыту мен тәрбие беру жұмысының тиімділігіне, ұжымда қолайлы психологиялық және шығармашылық орта қалыптастыруға бағытталған.

Жалпақтал балалар өнер мектебінде 2 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді: «Саз бірлестігі» ӘБ жетекшісі: Губайдуллин А.Е; «Көркемсурет бірлестігі» ӘБ жетекшісі Ғизатов Т.Т.

2019-2020 оқу жылы Жалпақтал балалар өнер мектебінің педагогтар ұжымының бірыңғай әдістемелік тақырыбы: «Оқушыларға жеке тұлғаға бағытталған білім беру - мектептің даму құралы және оқушылардың өзін-өзі дамытудың кепілі».

**Әдістемелік жұмысының мақсаты** – оқушыларға жеке тұлға ретінде бағытталған білім беру барысында оқушылардың өз бетімен білім алу әрекетін қалыптастыру жұмыстарын арттыру бойынша бағытталған педагогтық үдерісін реттеп, әдістемелік көмек көрсету, педагогтар ұжымының шығармашылық жұмысын ұйымдастыру, мектептің белгілеп қойған бағыттарын жүзеге асырып, нәтижелі көрсеткіштерге жету үшін жағдайлар жасау.

Алдына қойылған мәселелерді мектеп ұжымы әдістеме жұмысының түрлерін кеңейту, сабақ беру әдістерін арттыру, әр түрлі деңгейдегі балалардың шығармашылық қабілеттеріне және табиғи дарындылығына қарап, жеке, топпен жұмыстану барысында әдістемелік жұмыстарды арттыру, оқуға деген қызығушылықтарын қолдау арқылы шешіп тұрды.

#### **Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері:**

- тақырыптық педагогтар кеңестері
- оқытушылардың әдістемелік бірлестіктері
- педагогтардың өз білімдерін жетілдіруі;
- ашық сабақтар;
- шығармашылық есептер;
- Шығармашылық топтардың жұмысы

- Әдістемелік семинарларға қатысу
- Дарынды балалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.
- Оқытушыларға мектепшілік құжаттарды рәсімдеу бойынша, замануи сабақтарды ұйымдастырып, өткізу мен саралауға көмек ретінде әдістемелік ұсыныстарды өңдеу. Тиісті құжаттарды жүйелеу.

- Педагогтарды аттестаттау.

- Орындаушылық машық – оқытушының өз класымен шығармашылық есебін беру, мектептің дәріс беру концерттік үдерісіне қатысу, әдістемелік жұмыстар сайыстарына қатысу, орындаушылық шеберлік сайыстарына қатысу.

Өнер мектебіндегі әдістемелік жұмыс оқытушылар ұжымның шығармашылық қорына тіке байланысты, және оқытушылардың жеке қасиеттері мен кәсіби шеберлігін арттырудың бір бөлігі болып табылады.

Жұмыстың ең маңызды бағыты – педагог кадрлардың біліктілігін арттыру. Бұны жүзеге асырудың түрлері көп:

- курстік қайта даярлау және біліктілік арттыру курстары;
- аттестаттау;
- портфолио жинақтау;
- өз концерттік бағдарламасын және оқытушылардың концерттерін ортаға салу;
- психологиялық және педагогикалық, әдістемелік семинарлар;
- шебер-классы;
- педагогтық шеберлігі бойынша сайыстар мен фестивальдер;
- оқытушыларға арналған сайыстар мен фестивальдер;
- педагогтық тәжірибені ортаға салу: әдістемелік өңдеулер, нұсқаулықтар, тест және бақылау жадығаттары;
- ашық сабақтар;
- әдістемелік мәліметтер;
- сабақтарға өзара қатысу;
- әдістемелік кеңес беру.

Өз білімін жетілдіру, мектеп педагогтарының кәсіби үдерісінің қажетті шарты болып табылады, өйткені өз жеке басының тәжірибесін басшылыққа алып білімін жетілдіру деген біліктілігін арттырудың ең тиімді түрі деп мүдiрместен айтуға болады.

2019-2020 оқу жылы **әдістемелік жұмысының мәселелері** белгіленді:

- Оқытушылардың жеке-тұлғалық сапалық ерекшеліктерін есепке алып жұмыстануға мүмкіндік туғызатын жағдайлар жасау.
- Педагогтың шеберлігін арттыру мақсатында, жаңашыл білім беру технологияларын және тәрбие берудің замануи әдістерін зерттеу.
- Инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру.
- Оқытушылардың нәтижелі білім алуда үнемі шығармашылық өсуін қамтамасыз ететін жағдайларды жасау.
- Педагогтың шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамыту.
- Ғылыми-әдістемелік жұмысты арттыру және оқытушылар құрамының кәсіби құзырлығын арттыруға бағытталған шаралар өткізу, педагогтар кеңестерін, әдістемелік отырыстарын, өндірістік мәжілістерін өткізу.
- Педагогтар кадрларының кәсіби деңгейін арттыру үшін ынталандыру жүйесін дамыту.
- Оқытушылардың іс-тәжірибесін біріктіріп, ортаға салу үшін материалдарды жүйелеу.

2019-2020 оқу жылы барысында кәсіби шеберлік пен оқыту сапасын арттыру мақсатында ЖБӨМ-нің жоспары бойынша жыл бойы төмендегідей шаралар өтіп тұрды:

**ЖБӨМ-де өтілетін ашық сабақтар, тәрбие сағаттары және сабақтан тыс іс-шаралар:**

<b>№</b>	<b>Шаралар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1	«Қарттарым – асыл қазынам» атты концерттік бағдарламасын және көрме ұйымдастыру (Қарттар үйіне)	16 қазан	Сценарийге - Н.А.Қажкенов ӘБ жетекшілері
2	«Ұстаздың жолы - ұлы жол» Б.К.Кабиеваның 65 жас мерейтойына	23 қазан	Н.А.Қажкенов
3	«Өнерім - өмірім» А.Ф.Ескендиrowтың 60 жас мерейтойына концерт	2 қараша	Н.А.Қажкенов
4	«Альтерация белгілері» ашық сабақ 1 класс	11 қараша	Ф.Т.Мәжит
5	Халық әні «Назқоңыр» ашық сабақ	13 қараша	А.Т.Құттыбаева
6	Сурет көрмесі	15 қараша	Т.Т.Ғизатов А.А.Умбетова
7	Дәулеткерей «Қосалқа» ашық сабақ	22 қараша	Н.М.Жакупов
8	«Суретті қағаз бетіне орналастыру» ашық сабақ	25 қараша	С.Ф.Мадьяров
9	Құрманғазы «Балбырауын» ашық сабақ	26 қараша	А.Р.Каманов
10	«Қазақ әндерінен концерт»	6 желтоқсан	А.Т.Құттыбаева
11	Л.Хамиди «Қазақ вальсі» ашық сабақ	10 желтоқсан	Х.Х.Нагиев
12	«Қазақстан өнерінің дамуы» тәрбие сағаты	12 желтоқсан	Б.С.Муканов
13	«1 класс оқушыларына дәстүрлі ән үйрету тәсілдері» ашық сабақ	12 желтоқсан	А.Н.Досқалиев
14	«1 класс оқушыларының домбыра аспабына қызығушылығын ояту»	13 желтоқсан	А.Ф.Ескендиrow
15	«Желтоқсанға тағзым» тәрбие сағаты	13 желтоқсан	Н.А.Қажкенов
16	«Абай Құнанбаевқа – 175 жыл» сурет көрмесі	20 желтоқсан	Б.А.Зиноллин
17	«Жаңа жыл» көрме	25 желтоқсан	М.С.Сейткалиев
18	«Ұлттық бұйымдар» көрмесі	26-28 желтоқсан	А.А.Муканов
19	«Шертпе күйдің ерекшеліктері» Тәттімбет «Көкейкесті» ашық саб.	13 қаңтар	Ж.О.Ержанов
20	«Домбыра түрлері» тәрбие сағаты	16 қаңтар	С.Ф.Мадьяров
21	«Ағаш бұйымдар» көрмесі	17 қаңтар	С.Ф.Мадьяров
22	«Абай Құнанбаевқа – 175 жыл»	17 қаңтар	А.Т.Құттыбаева А.Е.Губайдуллин
23	«Интервал» ашық сабақ	20 қаңтар	Г.Б.Абдрахманова
24	«Күрделі интерьерді бейнелеудегі перспектива» ашық сабақ	22 қаңтар	Т.Т.Ғизатов
25	«Иллюстрациядағы түстің сәнділігі мен пішіннің стилизациясы» а.с	22 қаңтар	М.С.Сейткалиев
26	«Түрлі техникалардағы акварель кескіндемесі» ашық сабақ	24 қаңтар	Б.А.Зиноллин
27	«Интерьерді салудың ерекшеліктері» ашық сабақ	27 қаңтар	Б.С.Муканов
28	Н.Бакланов «Скерцо» ашық сабақ	28 қаңтар	А.Е.Губайдуллин
29	«Сағындырған әндер-ай» Ұстаз бен шәкірт арасындағы концерт	29 қаңтар	Ф.Т.Мәжит
30	«Киелі Құрманғазы жайлаған жер, Қаңтарып қаракөкті байлаған жер» тәрбие сағаты		А.Р.Каманов
31	«Өмірін өнерге арнаған» ардагер ұстаз - А.С.Жақыповамен кездесу	3 ақпан	А.Р.Каманов
32	«Музыкалық қойылым» тәрбие сағаты	5 ақпан	Ф.Т.Мәжит
33	«Атадан мұра» Н.Тілендиевтің өмірі мен шығармашылығы. Тәр.сағ.	12 ақпан	А.Ф.Ескендиrow
34	«Дәстүрлі ән-термелерді орындау тәсілдері» ашық сабақ	14 ақпан	А.Қ.Бултанов
35	«Анаға құрмет» тәрбие сағаты	4 наурыз	Г.Б.Абдрахманова
36	«Анаға сыйлық» тәрбие сағаты		А.А.Умбетова Г.Е.Гумарова
37	«Қылқалам шебері – Әбілхан Қастеев» тәрбие сағаты	10 наурыз	Т.Т.Ғизатов
38	«Концерттік сабақ»	10 наурыз	Х.Х.Нагиев
39	«Жез тандай, күміс көмей ән еркесі» Ғ.Құрманғалиев туралы тәр.сағ	13 наурыз	А.Н.Досқалиев

40	«Натюрморт» ашық сабақ	13 наурыз	А.А.Муканов
41	«Домбыра аспабын меңгерту методикасы» ашық сабақ	17 наурыз	А.Ф.Ескендилов
42	«Өнер – таусылмас қазына» тәрбие сағаты	19 наурыз	Н.М.Жакупов
43	«Бір ән бар естілмеген Ақжайықта» тәрбие сағаты	15 сәуір	А.Қ.Бултанов
44	«Қазақтың ою-өрнегі» ашық сабақ	15 сәуір	М.С.Сейткалиев
45	Мектепшілік домбырашылар байқауы	15 сәуір	Ж.О.Ержанов
46	«Дөңгелек мүсін» ашық сабақ	16 сәуір	Е.Е.Кабдығалиев
47	«Ансамбльмен жұмыстану тәсілдері» тәрбие сағаты	20 сәуір	А.Е.Губайдуллин
48	Мүсіндер көрмесі	20-24 сәуір	Е.Е.Кабдығалиев
49	Есеп беру концерті	24 сәуір	Мектеп ұжымы
50	Жас фотоәуесқойлар көрмесі	11-15 мамыр	К.С.Абилов
51	«Әсемдік әлеміне саяхат» III аудандық суретшілер байқауы	20 мамыр	Б.С.Муканов

Жыл бойы өндірістік мәжілістер өтіп тұрды. Онда педагогтық және тәрбие беру жұмысының негізгі мәселелеріне байланысты сауалдар, жоспардың, ішкі жұмыс тәртібінің орындалуына байланысты мәселелері талқыланып тұрды.

Оқыту мен тәрбие беру жұмысының жоспары бойынша, оқушылардың білім деңгейін тексеріп, бағаланатын сынақтар, академиялық концерттер, көшіру және бітіру емтихандары өткізіліп тұрды.

### **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК 2020-2021 оқу жылына жұмыс жоспары.**

#### **Педагогтар ұжымының алдына 2020-2021 оқу жылы қойылған мақсаттары мен міндеттері:**

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК білім беретін мекемелердің алдына қойылған мақсаттар мен мәселелерді басшылыққа ала тұра, жүзеге асырып, оқушыларды өздерін қоғамға танытып, кәсіби тұлға ретінде сезінуге, қоғамдық өмірге еніп кетулеріне, жалпы мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір сүруге тартады.

Қосымша білім беретін басқа мекемелерімен салыстырғанда өнер мектебі тұрақты сатылап оқыту жүйесі бойынша, бір бағытта тереңдетіп оқытатын білім беретін мекемелердің бір түрі. Мектеп кәсіп алуға дейінгі дайындауда, әр деңгейдегі мәселелерді кешенді шешеді.

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК педагогтар ұжымының мақсаты – оқушылардың санасына тәлім-тәрбие беру үдерісіне, салауатты өмір сүруге ұмтылуға тұрақты қылықтық көзқарас қалыптастыру және өзін қоғамның жаңашыл тұлғасы ретінде қалыптастыруын арттыру; өздік дамуына, өзін танытуға тәлім-тәрбие беру мен шығармашылық үдерісіне қатысушылар қатарында болу үшін жағдайлар жасау.

#### **Мәселелер:**

- Оқушылардың зиялылығын арттыру және білімге ұмтылу қызығушылықтарын дамыту;
- оқушыларды оқытудың нәтижелілігін арттыру;
- оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес, оқушылардың білім деңгейін арттыруын қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламасын таңдауға кең мүмкіншілік беру мен оқытушының педагогтық шеберлігі арқылы дарындылығы әр түрлі деңгейлердегі балалардың жеке қабілеттерін ашу;
- көрмелерге, фестивальдерге, шығармашылық байқауларға қатысу арқылы балалардың жеке қабілеттіліктерін көрсету жұмыстарын күшейту;
- оқушылардың зиялық, шығармашылық қабілеттерін, дарындылығын анықтап, дамыту үшін педагогтар ұжымының жұмысын жүйелеу.
- Таңдалған пән бойынша мәліметтерді білуін арттыру;
- Педагогтың аса құнды тәжірибесін зерттеу және тарату;
- Оқытушылардың өз біліктілігін арттыру мен шығармашылық ізденістерін қолдау;
- Педагог ұжымында кездесетін қиындықтарды анықтап, алдын алу, оларды жою жолдарын

табу;

- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК тұлғаларын мемлекеттік, қорытынды емтихандарға дайындау;
- Музыка және өнердің басқа да түрлері арқылы тұлғаның әдептілік, шығармашылыққа қабілеттілік, эмоциялы қабылдағыштық мәдениет жөнінде білім алуға құлшыныстары сынды қасиеттерді қалыптастыру.
- көп ұлтты Қазақстан ортасында балаларды ынтымақтастық, ұлттық сана-сезім, халықтардың салт-дәстүрлерін құрметтеу, сыйлау рухында тәрбиелеу.

### **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК педагогтық үдерісін басқару.**

#### **Жалпақтал балалар өнер мектебінің үрдісін реттейтін негізгі құжаттар.**

1. Жарғы
2. Білім беру жұмысына рұқсат беретін мемлекеттік лицензия.
3. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.
4. Ұжымдық келісім.
5. Ішкі жұмыс тәртіп ережелері.
6. Штаттық кесте.
7. Қызметтік нұсқаулар.
8. Мектептің оқу жылының жұмыс жоспары.
9. Бұйрықтар мен тапсырмалар.
10. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі.
11. Мәліметтер, анықтамалық құжаттар, оқыту педагогтық құжаттар, бағдарламалар мен оқыту жоспарлары.

#### **2020 – 2021 оқу жылының «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК әкімшілігінің сапалық құрамы:**

1. Абилов Куаныш Сабитович – «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК директоры, білімі жоғары, кәсіби санаты - жоғары, біліктілігін арттыру курстары – 2011 ж.
2. Сатжанова Гулгул Бактыбаевна – «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК оқу ісінің меңгерушісі, білімі жоғары, кәсіби санаты - I, біліктілігін арттыру курстары – 2007ж, 2013ж, 2014 ж, 2019 ж.
3. Тыныштықова Гүлбаршын Бауыржанқызы – ЖБӨМ Кәсіподақ ұйымының төрайымы, білімі жоғары, кәсіби санаты – II, біліктілігін арттыру курстарынан өткен жоқ
4. Губайдуллин Аблай Ербулатұлы – Саз бөлімінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, білімі жоғары, кәсіби санаты - II разряд, біліктілігін арттыру курстарынан өткен жоқ
5. Ғизатов Талғат Темірболатұлы. - Көркемсурет бөлімінің әдістемелік бірлестігінің жетекшісі, білімі жоғары, кәсіби санаты - I, біліктілігін арттыру курстары – 2018ж.

#### **2020 - 2021 оқу жылындағы «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК оқытушыларының сапалық құрамы.**

ЖБӨМ-де 25 оқытушы жұмыс істейді: жоғары білімді – 20, арнаулы орта білімді – 5. Жоғары кәсіби санатты – 7 оқытушы, бірінші кәсіби санатты – 7, екінші санатты – 6, санатсыз – 5.

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК әкімшілігінің жұмысы педагогтар ұжымының шығармашылық мүмкіншіліктерін жүзеге асыру үшін, балаларды өнер ортасына енгізу үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған.

#### **Жаңа оқу жылына мектеп әкімшілігінің жұмысын жоспарлау**

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК әкімшілігінің жұмысының негізгі бағыттары:

- Оқыту процесін ұйымдастыру (сабақ кестесін жасау, балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес бағдарламаны таңдап, базистік оқыту жоспарын орындау).
- Оқушының даму деңгейі мен оқытылу деңгейі (оқытудың барлық сатыларында шығармашылықтың дамуын болжау, озық әдістер мен жаңа бағдарламаларды қолдану).
- Оқытушылардың ата-аналарымен жұмысы.
- Аудандық қосымша білім беру ұйымдарымен және жалпы орта білім беретін мектептермен бірлесіп жұмыстану.
- Әлеуметтік мәдени мекемелермен, әкімшілікпен, баспамен, кітапханалармен бірлесіп, жұмыс жасау.
- Жұмыс жоспарының орындалуын, әдістемелік бірлестіктердің жұмысын бақылау;
- Мектепшілік құжаттардың жүргізілуін үнемі тексеріп тұру;
- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК оқытушыларының жұмысын зерттеу, сабақтарға кіру және жоспарланған ашық сабақтарға қатысу.

**«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК өтілетін ашық сабақтар, тәрбие сағаттары және сабақтан тыс іс-шаралар:**

<b>№</b>	<b>Шаралар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1	«Тарихи Жалпақтал» атты мектеп түлектерінің онлайн қол-өнер көрмесі.	15.09.	Муканов Б.С.
2	17- 25қыркүйек «Сүйікті Ұстаз» жас суретшілер байқауы.	17.09-25.09.	Зиноллин Б
3	«Махамбет жұмыр қылыш» домбыра сыныбы ашық сабақ	23.09.20	Ескендилов.А.Ғ.
4	«Наркескен» күйі ансамбльмен жұмыс	24.09	Каманов А.Р.
5	«Даярлық тобымен» жұмыс	23.09	Ғизатов Т.Т.
6	«Құстар әні» Н.Тілендиев ашық сабақ	27.11	Жакупов.Н.М
7	«Өнер таусылмас қазына» тәрбие сағаты	15.03	Жакупов.Н.М
8	«Дәстүрлі ән сыныбында тыныс алу жолдары» атты ашық сабақ	19.02	БолтановА.Қ
9	«Өндері әуелеген Ғарекем-ай» (Ғарифолла Құрманғалиев өмір және өнер жолы) тәрбие сағаты	09.04	Болтанов А.Қ
10	«Үш қара» Мәди Бәпиұлы ашық сабақ	03.12	Тыныштықова Г.Б
11	«Мектепшілік Жауназын байқауы» тәрбие сағаты	10.03	Тыныштықова Г.Б
12	«Полька» И.Иванович ашық сабақ	23.11	Мәжит Ф.Т
13	«Біріктірілген сайыс сабағы» тәрбие сағаты	15.04	Нагиев Х.Х Мәжит.Ф
14	«Гэкку» ашық сабақ Максотов Даулет 3 класс	11.12	Нагиев Х.Х
15	«Біріктірілген сайыс сабағы» тәрбие сағаты	15.04	Нагиев Х.Х Мәжит.Ф
16	«Күй атасы Құрманғазы» ашық сабақ	07.12	Қажкенов Н.А
17	« Ұстазбен сұхбат» тәрбие сағаты	08.02	Қажкенов Н.А
18	«Көкек» Біржан Сал Кенжеғали Гулназ 2 класс ашық сабақ	16.11	Досқалиев А.Н
19	«Мұхит Мералиевтің 180 жылдығына орай » тәрбие сағаты	10.02	Досқалиев А.Н
20	«Шашақты Найза Шалқар күй» Махамбет Қабиден.Б ашық сабақ	12.03	Ескендилов А.Ғ
21	«Аспаптар әлеміне саяхат» I класс оқушыларымен тәрбие сағаты	23.10	Ескендилов А.Ғ
22	«Ақсақ киік» Серікқалиқызы.А ашық сабақ	14.05	Ержанов Ж.О
23	«Мектепшілік домбыра байқауы» тәрбие сағаты	25.12	ЕржановЖ.О
24	«Адай»Құрманғазы Қауысқали.А ашық сабақ	27.11	Каманов А.Р
25	«Бабалар өткен ізбен» тәрбие сағаты	23.04	Каманов А.Р
26	«Көктем» А.Жұбанов Максот Аружан ашық сабақ	10.12	Серикқалиева А.А



27	«Адам бойындағы асыл қасиет» тәрбие сағаты	19.02	Сериккалиева А.А
28	«Күрделі тұрмыстық натюрморт»сурет пәні 4 курс ашық сабақ	11.12	Муканов Б.С
29	«Қазақстанда бейнелеу өнерінің дамуы» 3курс тәрбие сағаты	27.11	Муканов Б.С
30	«Қамшы өру»ашық сабақ	02.10	Мадияров С.Г
31	«»тәрбие сағаты		Мадияров С.Г
32	«Жыл мезгілдерін бейнелеу» 0 курс ашық сабақ	03.11	Ғизатов Т.Т
33	«»тәрбие сағаты		Ғизатов Т.Т
34	«Дизайн»ашық сабақ	20.11	Талапов.У
35	«Қазақ суретшілері» 3 курс тәрбие сағаты	07.10	Талапов.У
36	«Композицияның идеялық ойға сәйкес бейнелерді стилизациялау» ашық сабақ	17.03	Гумарова Г.Е
37	«Тұғыш президент күніне»тәрбие сағаты	30.11	Гумарова Г.Е Умбетова А.А
38	«Менің сүйікті ұстазым»атты көрме байқауы тәрбие сағаты	28.09	Зиноллин Б.А
39	«Портрет құрылымын құрастырып игеру» ашық сабақ	16.03	Зиноллин Б.А
40	«Ұстаздар күніне көрме»	02.10	Ғизатов Т.Т
41	«Алтын күз көрме»	15.10	Талапов.У
42	« Тәулелсіздік тұғыры» көрме	15.12	Талапов.У
43	«Жаңа 2021» Плакаттар көрмесі	22.12	Гумарова Г.Е
44	«Суретті көз салмайды көңіл салады »	03.02	Гумарова Г.Е Умбетова А.А
45	Халықаралық әйелдер күніне «АНАШЫМ» көрме	05.03	Зиноллин Б.А
46	«Өз-Наурыз» атты көрме	18.03	Зиноллин Б.А
47	«Көктем шуағы» атты көрме	13.04	Мадияров С.Г
48	Ұлы Жеңіске 76-жыл көрме	06.05	Талапов.У
49	Жас фотосуретшілер көрмесі	15.10	Абилов К.С.
50			
51			

## **ЖБӨМ-нің оқыту-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру.**

ЖБӨМ-нің әдістемелік жұмысының мақсаттары мен мәселелері:

Оқыту-әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына және ҚР білім және Ғылым министрінің . 29.11.2012 жылғы № 543 бұйрығымен бекітілген «Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру» бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектептің әдістемелік жұмысының негізі педагогтар ұжымының шығармашылық тәжірибесі арқылы анықталып отыр, және бұл біліктілікті, шеберлікті арттыру жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың мақсаты:

Оқытушылардың құзырлығын арттыру арқылы жеке тұлғаға бағыттап оқытуда «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК дамуы.

Мәселелері:

- Қосымша білім беру жүйесі арқылы әр оқушыға өзін таныту үшін жағдай жасау.
- Педагогтық шеберлігін арттыру мақсатында, жаңашыл білім беру технологияларын және тәрбие берудің замануи әдістерін зерттеу.
- Инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру.
- Оқушылардың нәтижелі білім алуда үнемі шығармашылық өсуін қамтамасыз ететін жағдайларды жасау.
- Педагогтың шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамыту.
- Ғылыми-әдістемелік жұмысты арттыру және оқытушылар құрамының кәсіби құзырлығын арттыруға бағытталған шаралар өткізу, педагогтар кеңестерін, әдістемелік отырыстарын, өндірістік мәжілістерін өткізу.

- Педагогтар кадрларының кәсіби деңгейін арттыру үшін ынталандыру жүйесін дамыту.
- Оқытушылардың іс-тәжірибесін біріктіріп, ортаға салу үшін материалдарды жүйелеу.

### **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК әдістемелік жұмысының мазмұны:**

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің әдістемелік жұмысының мазмұны оқыту мен тәрбие беру процесінің тиімділігіне, педагогтар мен оқушылардың тұлға ретінде қалыптасып, өсуіне, ұжым арасында шығармашылыққа қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік жұмысының мазмұны:

- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің бірыңғай тақырыбын орындауын жүзеге асыру жұмысы.
- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің әдістемелік бірлестіктерінің және шығармашылық топтарының жұмысы.
- Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру мен аттестаттауды кешенді жоспарлау.
- Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру.
- Білім беру туралы нормалық құжаттарымен танысу.
- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің педагог кадрларын аттастаттау.
- Оқытушылардың педагогтық шеберліктерін арттыруға практикалық көмек көрсету: шебер-кластар, ашық сабақтар өткізіп, сабақтарға қатысу.
- «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің педагогтар кеңестерін, әдістеме бірлестіктер отырыстарын, өндірістік мәжілістерін өткізу.
- Үздік педагогтардың тәжірибесін зерттеп, ортаға салу және тарату.
- Оқытушылардың өз бетімен білімін арттыру бойынша жеке жоспарларымен жұмыс жасау
- Оқытушылар үшін әдістемелік ұсыныстар жасау.
- Әдістемелік жұмысты бақылау, саралау және мониторингін жасау

### **Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру әдістері мен түрлері.**

**Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері:**

- тақырыптық педагогтар кеңестері
- оқытушылардың әдістемелік бірлестіктері
- педагогтардың өз білімдерін жетілдіруі;
- ашық сабақтар;
- шығармашылық есептер;
- Шығармашылық топтардың жұмысы
- Әдістемелік семинарларға қатысу
- Дарынды балалармен жұмыс жасауды ұйымдастыру.
- Оқытушыларға мектепшілік құжаттарды рәсімдеу бойынша, замануи сабақтарды ұйымдастырып, өткізу мен саралауға көмек ретінде әдістемелік ұсыныстарды өңдеу. Тиісті құжаттарды жүйелеу.
- Педагогтарды аттестаттау.
- Орындаушылық машық – оқытушының өз класымен шығармашылық есебін беру, мектептің дәріс беру концерттік үдерісіне қатысу, әдістемелік жұмыстар сайыстарына қатысу, орындаушылық шеберлік сайыстарына қатысу.

Сонымен педагогтарға көрсетілетін әдістемелік көмек түрлері:

- әдістемелік мәлімет беру (әдістемелік баяндамалар, жаңа әдістемелік әдебиеттер бойынша баяндамалар, мектепшілік және қалалық әдістеме бірлестіктерінің жұмысына қатысу);

- әдістемелік консультация беру (шебер-кластар, білімін арттыру курстары, әдістемелік семинарлар).

### **ЖБӨМ-нің педагогтар кеңесінің үрдісінің бағыттары.**

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің педагогтар кеңесі - мектепте білім беру процесінің негізгі мәселерін қарайтын, үнемі жұмыс жасайтын басқарушы орган, сонымен қатар білім беру процесінің негізін (тәрбие беру және оқыту) есепке ала тұра, өз құзырлығына қарай мектеп жұмысына қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің педагогтар кеңесінің жұмысының мақсаты:

Мектеп ұжымының үдерісінде мәселелерін анықтау және оны уақытылы және сапалы орындау. Тәлім-тәрбие беру үдерісінің аса маңызды мәселелері бойынша ұсыныстар дайындау.

Педагогтар кеңесі білім беру мекемесінің бағдарламалары мен жоспарларын талқылап, бекітеді; мекеменің педагог қызметкерлерінің және осы мекемемен бірлесіп өскелең ұрпаққа тәрбие беру мен оқыту мәселелері бойынша жұмыстанатын мекемелердің мәліметтер мен баяндамаларын тыңдайды, соның ішінде білім беру үдерісінің басқа да мәселелері бойынша мәліметтерді де тыңдап, талқылайды.

#### **Педагогтар кеңесінің басты мәселелері:**

- Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін оқыту жоспарларын, бағдарламаларын, оқулықтар мен әдістемелік нұсқаулықтарды талдау және тәлім-тәрбие беру үдерісін жүзеге асыру барысында нәтижелі әдістердің түрлерін енгізу;
- Кешенді жылдық және ағымдағы жоспарларды орындау бойынша мектеп ұжымының жұмысын және тәлім-тәрбие беру жұмысының сапасын талдау;
- Оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмысын, оқытушылардың шығармашылық белсенділігін ұйымдастыру, педагог ұжымында жаңашыл орта қалыптастыру және алдыңғы қатардағы оқытушылардың іс-тәжірибесін біріктіріп тарату жұмыстарын ұйымдастыру;
- Біліктіліктерін арттыру курстарына оқуға ұсынылған оқытушылардың тізімін бекіту, үздік оқытушыларды түрлі моральдік және қаржылай марапаттауға ұсыну.

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің педагогтар кеңесінде қаралатын мәселелер:

- оқыту, тәрбие беру және әдістемелік жұмыстың жағдайы, оқыту әдістерінің барлық түрлерін жетілдіру;
- оқыту мен тәрбие беру жұмысын жоспарлау мәселелері;
- бітіру және келесі класқа көшіру емтихандарын өткізу, оқушыларға емтихандарға қатысуға рұқсат беру, тапсырылған құжаттар негізінде емтихандардан босату, келесі класқа көшіру немесе қайта оқу курсына қалдыру, оқушыларды грамоталармен, мақтау қағаздарымен марапаттау, белгіленген үлгідегі «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК бітіргені туралы куәліктерді немесе анықтамаларды беру;
- педагогтардың оқу жүктемелерін реттеу, тарифтік кестені бекіту, аттестаттауға дайындау, оқытушыларды марапаттау мәселелері.

#### **Оқытушылардың аттестатталуын және білім арттыруларын жоспарлау.**

Педагог кадрларының біліктілік деңгейлерін арттыру жұмысының мақсаты педагогтардың кәсіби деңгейінің өсуі мен педагогтардың білімінің үнемі артырлуы болып табылады.

Педагогтардың біліктілігін арттыру дегеніміз – педагогтардың өздерінің жұмысына керекті деген жаңа білімді: педагогтар үдерісін жүзеге асыруға тиімді идеялар мен әдістерді меңгеруге мақсатты түрдегі үдерісі;

Аттестаттау педагогтың өз арызы бойынша және оның жұмысының нәтижелілігі мен сапасыны саралау негізінде бес жылда бір рет өтеді.

<b>№</b>	<b>Шаралар</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауаптылар.</b>
----------	----------------	----------------	--------------------

1	Біліктілігін арттыру курстарынан өту.	Аудандық білім бөлімінің жоспары бойынша	Абилов Қ.С
2	Мектепшілік аттестаттау комиссиясын құру туралы бұйрық шығару.	Қыркүйек	Абилов Қ.С
3	Аттестаттау комиссиясының отырысы, сараптау комиссия құрамын бекіту.	Қыркүйек	Абилов Қ.С
4	Оқытушыларды аттестаттау жөнінде мәлімет алатын тақтаны рәсімдеу.	Қыркүйек	Абилов Қ.С
5	Аттестатталушы оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету.	Жыл бойы	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т
6	Оқытушылардың үдерісін зерттеу, сабақтарына қатысу.	2020ж. қазан – 2021ж. наурыз	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т
7	Аттестатталушы оқытушылардың шығармашылық есептері.	Желтоқсан	Аттестатталушы оқытушылар.
8	«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің аттестаттау комиссиясының аттестатталушы оқытушылардың жұмыс нәтижесі бойынша отырыстар.	2020жыл желтоқсан 2021 жыл ақпан,наурыз	Абилов Қ.С Сатжанова Г.Б
9	Сараптама комиссияның тұжырымдамаларымен танысу.	Ақпан 2021 жыл	Абилов Қ.С
10	«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің аттестаттау комиссиясының қорытынды отырысы.Аттестаттау парақтарын рәсімдеу.	Наурыз 2021 жыл	Абилов Қ.С Сатжанова Г.Б
11	Кәсіби біліктілік деңгейді қорғап және дәлелдеп, тиісті санатын тағайындау туралы бұйрық шығару.	2021 ж. мамыр	Абилов Қ.С
12	Кәсіби деңгейлік санаты тағайындалғаны туралы куәліктерді толтырып, тапсыру.	2021 ж. мамыр	Сатжанова Г.Б

Мектеп педагогтарының кәсібилік үдерісінің қажетті шарасы - біліктілігін өз бетімен арттыру болып табылады, өйткені өзінің кәсібилік және жеке тәжірибесіне негізделіп алынған білім мен біліктілікті арттырудың ең тиімді түрі болып табылады. Әр педагог өзіне қажетті әдістемелік тақырыпты белгілеп, сол тақырыпты зерттеу жоспарын құрады, өз ұжымдастарын біріктірілген нәтижесімен әдістемелік бірлестік отырыстарында таныстырады.

### **Жас мамандармен жұмыс ұйымдастыру.**

Еңбек өтілі 3 жылдан кем жас оқытушыларға және жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету:

- Оқу процесін ұйымдастыру бойынша қойылатын талаптарға назар аудару;
- Педагогтық үдерісінің теориялық және машықтық негіздерін меңгеру үшін, өз білімдерін жетілдіру үшін басым тақырып таңдауға, кәсіби біліктілігін арттыруға дайындалуға жас мамандарға қолдау көрсету;
- Жас педагогтардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың шығармашылық үдеріске қатысуын қолдап, әр оқытушының кәсібилік жетілуін бақылау;
- Жас оқытушылардың өз білімдерін жетілдіру бойынша қажетті жағдайлар жасау;
- Мектепшілік құжаттарды жүргізу, күнтізбелік-тақырыптық жоспар жасау, оқытушылардың жеке жоспарын жасау бойынша, жас мамандармен әңгімелесулер, әдістемелік-нұсқаулық мәжілістер өткізу;
- Тәжірибелі оқытушылардың сабақтарына қатысуды жоспарлап, қатысумен қатар талдау жасап тұру;

- Жас оқытушылардың сабақтарына қатысуды жоспарлап, қатысумен қатар толық және терең талдау жасап тұру.

### ЖБӨМ оқушыларының санын сақтау бойынша жұмыс

№	Шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Оқушыларды қабылдау бойынша жұмыс.	01-14.09.20	Сатжанова Г.Б Ержанов Ж.О Ғизатов Т.Т
2	Оқушыларды қабылдау туралы бұйрық шығару.	01.09.2020	Абилов Қ.С
3	Оқушылардың жеке істерімен алфавиттік кітап бойынша балалардың есепте тұруын тексеру. Алфавиттік кітапқа оқушы балалар туралы өзгертулер енгізу.	2020 ж. қыркүйек	Сатжанова Г.Б
4	Оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептің жұмыс тәртібі, сабақ кестесі көрсетілген мәлімет тақтасын рәсімдеу	2020 ж. қыркүйек	Сатжанова Г.Б
5	«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК оқушыларды қабылдау барысында ата-аналармен әңімелесулер жүргізу.	2020 ж. қыркүйек	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т
6	Оқушылардың сабаққа қатысуларын күн сайын бақылау, оқушылардың сабаққа қатыспау себептерін анықтау және оқушылардың сабаққа қатысулары мен үлгерімін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау.	Қыркүйек - мамыр	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т
7	Үлгермейтін оқушылардың ата-аналарымен жеке жұмыс жасау, тиісті құжаттарды рәсімдеу.	Қыркүйек - мамыр	Барлық пән мұғалімдері
8	ӘБ жетекшілерінің өндірістік мәжілістерде, педагогтар кеңестерінде оқушылардың үлгерімдері мен сабаққа қатысулары жөнінде есеп беруі.	Қараша, қаңтар, наурыз, мамыр	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т
9	Қараөзен, Ақпәтер, Жаңажол ЖОББМде және балабақшаларда концерттер мен шаралар, және көрмелер өткізу.	Қазан- сәуір	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т

### Оқыту және тәрбие беру процесін ұйымдастыру

Қоршаған ортамен, оның тарихымен үнемі тығыз байланыста жүретін және сол орта алдында өзінің жауапкершілігін сезінетін, тұлғаның еркін және белсенді дамуына жағдай жасау, тәрбие беру жұмысының негізі болып табылады. Тәрбие берудің негізгі ұстанымдары - педагог балаға сеніп, оның тұлғалық еркіндігін сыйлау, оны жеке тұлға ретінде қабылдау.

Оқыту мен тәрбие беру процесінің негізгі мәселелері:

1. Оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарына қызығушылықтарын дамыту, сонымен қатар, басқа ұлттардың мәдени салт-дәстүрлерін дәріптеу.
2. Оқытушыларды бірыңғай тұлғаға бағытталған жүйемен оқыту, тәрбиелеу, дамыту.
3. Кәсіби біліктілігін кеңейту, көркемөнерлік талғамын дамыту, эмоциялық құлшынысын арттыру.
4. Шығармашылық есеп беру, көрмелер, сайыстар ұйымдастыру.
5. Музыка ойнаудың ұжымдық түрлерін дамыту.

6. Мектепке дейінгі мекемелер үшін, жалпы орта білім беретін мектептер, отбасылық үлгідегі балалар ауылы, ҰОС мен еңбек ардагерлері үшін түрлі деңгейдегі концерттік бағдарламаларды ұйымдастыру.
7. Сабаққа қатысуларын бақылау, қатыспау себептерін анықтау.
8. Оқушылардың білім сапасын анықтау мақсатында, академиялық концерттер, техникалық сынақтар, емтихандар өткізу.

№	Шаралар	Мерзімі	Жауаптылар.
1	Техникалық сынақ	22, 23 қазан	Саз ӘБ мұғалімдері
2	Ата аналар жиналысы	6-7 қараша	Барлық мұғалімдер
3	Академиялық концерт Көркемсурет бөлімінің емтиханы	24, 25, 26 желтоқсан	ӘБ жетекшілері
4	Саз бөлімінің түлектерін 1-ші рет тыңдау Көркемсурет бөлімі түлектерінің дипломдық жұмысының жүру барысын қадағалап тексеру.	23 желтоқсан	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е Ғизатов Т.Т және комиссия мүшелері
5	Саз бөлімінің түлектерін 2-рет тыңдау	3 наурыз	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е және комиссия мүшелері
6	Техникалық сынақ	12 наурыз	Саз ӘБ мұғалімдері
7	Саз бөлімінің түлектерін 3- рет тыңдау	16 сәуір	Сатжанова Г.Б Губайдуллин А.Е және комиссия мүшелері
8	Жылдық есеп беру концерті және көрме	23 сәуір	Мектеп ұжымы
9	Ата аналар жиналысы	19 мамыр	Барлық мұғалімдер
10	Саз бөлімі оқушыларының кластан класқа көшу емтиханы	26-31 мамыр	ӘБ жетекшісі және комиссия мүшелері
11	Сольфеджио пәнінен 3 класс оқушыларының мемлекеттік емтиханы	29 мамыр	ӘБ жетекшісі және комиссия мүшелері
12	Көркемсурет бөлімін бітірушілердің дипломдық жұмысын қорғау	31 мамыр	ӘБ жетекшісі және комиссия мүшелері
13	Саз бөлімін бітірушілердің мемлекеттік емтиханы	31 мамыр	ӘБ жетекшісі және комиссия мүшелері
14	Сольфеджио пәнінен 5 класс оқушыларының мемлекеттік емтиханы	28 мамыр	ӘБ жетекшісі және комиссия мүшелері
15	Мектеп бітірушілерге куәлік тапсыру	10 маусым	ӘБ жетекшілері

### Мектепшілік бақылау

Мектепшілік бақылау «Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің әкімшілік және директордың бұйрығымен тағайындалған өкілдер тарапынан жүзеге асырады. Бақылау барысында алынған мәлімет, басқару барысында қабылданатын шешімдерге негіз болады.

Мектепшілік бақылау жүргізудің негіздері:

- оқу жылының педагогтық үдерісін ұйымдастыру жұмысының жоспары;
- жеке және ресми тұлғалардың жүгінуі;
- педагог қызметкерінің аттестаттаудан өту туралы өтініші.

**Мектепшілік бақылаудың мақсаты:**

Білім беретін мекемеде, белгіленген стандарттар мен ұстанымдарға сәйкес, педагогтық үдерісті тиімді ұйымдастыру арқылы, білім беру сапасын арттыру.

**Мектепшілік бақылау мәселелері:**

- Білім беру аясында республикалық, қалалық, мақсатты бағдарламаларын орындау барысында заңдылықтардың орындалуын бақылау.
- Білім беретін мекемелердің оқыту процесін реттейтін құқылы- нормалық актілерінің орындалуын бақылау.
- Өндірістік-қаржылық үдерісін және техникалық жабдықтарды қолдануды бақылау.
- Педагогтық үдеріс пен педагогтық процестің ұйымдастырылуын бақылау.
- Оқушылардың оқу нәтижелілігін бақылау.
- Педагогтық және оқыту үдерісін басқарудың тиімділігін және білім сапасын арттыруға тарту.
- Бақылау барысында қызметкерлерге әдістемелік көмек көрсету.
- Әр пән бойынша сабақ беру қалпы жөнінде әділ мәлімет алу.
- Білім беру процесі ұйымдастыруды арттыру.
- Жалпы білім беретін мекемелердің даму кешенін болжау үшін, оқыту мен тәрбие беру жетістіктерін саралау.

• Педагог қызметкерледі аттестаттауға сараланғын құжаттарды жинап, дайындау.

• Білім беру бағдарламаларының тақырыптық жоспарлауын түзету.

Бақылау келесі бағыт бойынша жүргізіледі:

- оқушылардың білім деңгейі және дағдылар қалпы;
- мектепшілік құжаттарды жүргізу;
- оқу пәндерінің жүргізу жағдайы;
- білім беру процесінде әдістемелік көмектің қамтылуы және оны қолдануы;
- бекітілген білім беру бағдарламаларды, оқыту жоспарларды, жүзеге асыруы, бекітілген оқыту кестесін сақтауы;
- көшіру және бітіру емтихандарына дайындау бойынша жұмыс.

**2020-2021 оқу жылы мектепшілік бақылау жоспары**

№	Мектепшілік бақылаудың мазмұны мен түрі	Бақылаудың өткізілу мерзімі	Жауаптылар	Бақылау қорытындысын талқылау түрі
1	Журналдарды, оқушылардың күнделікті үлгерімдерін тексеру	23 қазан 25 желтоқсан 12 наурыз 14 мамыр	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, пед.кеңес
2	Оқушылардың сабаққа қатысуларын тексеру	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, әдістемелік бірлестік
3	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларының толтырылуын, оқушылардың жеке жоспарларын тексеру	4 қыркүйек 8 қаңтар	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, әдістемелік бірлестік
4	Оқытушылардың өз білімдерін жетілдіру жоспарларын тексеру	11 қыркүйек 8 қаңтар	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, әдістемелік бірлестік
5	Әдістемелік бірлестіктердің жоспарларын тексеру және бекіту	4 қыркүйек 8 қаңтар	Директордың орынбасарлары	Анықтама, пед.кеңес

6	Сабақтардың кестеге сәйкес өткізілулерін қадағалау.	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары	Анықтама, пед.кеңес
7	Әдістемелік бірлестік отырыстарына қатысып, жұмыстарын тексеру	6 қараша, 9 қаңтар, 13наурыз, 15мамыр	Директордың орынбасарлары	Анықтама, әдістемелік бірлестік
8	Оқушылардың жеке жоспарларының орындалуын тексеру	25 қазан 26 желтоқсан 13 наурыз 22 мамыр	Директордың орынбасарлары Бөлім жетекшілері	Анықтама, пед.кеңес
9	Бақылау сабақтарының өткізілуін тексеру	Жыл бойы	ӘБ жетекшілері	Анықтама, әдістемелік бірлестік
10	Ашық сабақтарға қатысу	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, әдістемелік бірлестік
11	Мектепшілік сайыстарды өткізу	Жыл бойы	ӘБ жетекшілері	Анықтама, пед.кеңес
12	Мектеп оқытушыларының сабақтарына қатысу	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары ӘБ жетекшілері	Анықтама, пед.кеңес

### **Ата-аналармен жұмыс**

Педагогтар ұжымының ең маңызды мәселесінің бірі - ата-аналарды оқыту мен тәрбие беру процесіне жұмылдыру, осы мәселенің шешуі келесі бағытта жүргізіледі:

- оқушыларды оқыту мен тәрбие беру барысында алда қойылған мәселелерді шешу үшін ата-аналарымен жұмыс жүргізудің жаңа түрлерін іздеу, ата-аналармен қоғаммен үнемі байланыста болу ;
- ашық сабақтар апталығын, оқытушылардың бағдарламаларының тұсау кесер рәсімдерін, жеке кеңестер, тақырыптық кештер, мәдени-ағарту концерттер ата-аналармен бірлескен шаралар өткізу;
- ата-аналарды педагогтық тұрғыда ағарту;
- ата-аналармен екі жақты байланысты жолға қою;
- мәлімет тақтасы арқылы ата-аналарды білім беру мекемесінің өмірі туралы мәлімдеу;
- тәрбие беру жұмысты және ата-аналармен жүргізілетін жұмысты жетілдіру;
- ата-аналар жиналыстарын, әңгімелесулерді өткізу;
- оқушылардың ата-аналарымен жеке жұмыс жасау;

Жалпы мектепшілік жиналыстар күндері ата-аналар өз балаларының қолынан шыққан жұмыстарды, суреттерді және басқа да шығармашылық жұмыстарын, концерттік бағдарламаларын көре алады.

### **Жалпақтал балалар өнер мектебінің 2020-2021 оқу жылы өткізілетін шаралар жоспары.**

«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-да өткізілетін шаралардың мақсаты:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашу және дамыту;
- Оқушылардың әлеуметтік және мәдени құндылықтарын қолдап, нығайтып, дамыту;
- Оқытудың жаңа технологиялары мен оқыту құралдарын қолдана тұра, өткізілетін сабақтардың, сыныптан тыс шаралардың сапасын арттыру;
- Балабақшалармен, мектептермен, кітапханалармен бірлесіп жұмыс істеп, шығармашылық үдерісін жүргізу.

### **«Жалпақтал балалар өнер мектебі» МКҚК-нің жұмыс тәртібі**

2020 - 2021 оқу жылы сабақтар екі кезеңде өткізіледі.



1-кезең: 09:00 – 11:55

2- кезең: 15:00 – 17:55

Демалыс күні : жексенбі

Сабақтар бекітілген кесте бойынша, оқыту мөлшерлеріне сәйкес өткізіледі.

### **Нәтижелердің болжамы:**

- Оқытушылардың теориялық және машықтық дайындығында кететін ағаттықты жою.
- Оқыту мен тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша білімдерін кеңейту және ұлғайту.
- Білім сапасын және оқушыларды замануи қоғамға бейімдеу мәселесі бойынша педагогтар ұжымының жұмыс нәтижелігін арттыру.
- Оқушылардың оқуға тұлғалық құндылық тұрғысынан қарай білуді қалыптастыру, білімге деген құштарлығын күшейту.
- Өзекті мәселелер бойынша авторлық әдістемелік нұсқаулар, өңдеулер жасап, қалалық, аудандық семинарларға белсене қатысу.
- Эстетикалық цикл пәндерін интеграциялау, өнердің өзіне жақын түрін тауып, таңдау үшін, оқушыларды өнердің барлық түрлерінің отрасына салу, мектеп жасындағы балаларды өнердің таңдаған түріне кәсіби дайындау.
- Оқушы тұлғасының азаматық қылығын, әлеуметтік белсендігін қалыптастыру .
- Оқушылардың зиялы, шығармашылықты дамуы, болашақтағы әр түрлі кәсіби үдерісінің және қоғамдағы өмірінің қорын қалыптастыру.
- Білім беру мен тәрбие беру процесінде ЖБӨМ оқытушыларының кәсіби деңгейін және құзырын арттыру.